

2020-2021 оқу жылына арналған арнайы оқу қызметінің  
перспективалық жұмыс жоспары  
Білім беру салалары «Коммуникация»  
**Қыркүйек /Тақырыбы: «Балабақша»**

Апта	Апталық тақырыптар	Тіл дамыту	Сағ. саны
1 апта	<i>Менің балабақшам</i>	<p style="text-align: center;">Арнайы түзеу оқу қызметінің тақырыбы:</p> <p><b>Менің балабақшам туралы әңгіме.</b>  <b>Мақсаты:</b>а) Балаларды балабақша өмірімен, топ бөлмесімен таныстыру, ондағы жиһаз атауларын атауға, олардың қызметін сипаттап беруге үйрету.            ә) Педагогтің сұрақтарына жауап беріп, диалогтік сөйлеуге дағдыландыру.            б) топтағы жиһаздарды ұқыпты ұстауға тәрбиелеу.            в) сөздік қорын көбейту.</p>	1 сағ
2 апта	<i>Менің достарым</i>	<p style="text-align: center;">Арнайы түзеу оқу қызметінің тақырыбы:</p> <p><b>Менің достарым. Мақсаты:</b> Сюжеттік-сериялық суреттер бойынша әңгіме құру арқылы ауызша сөйлеу тілін дамыту. Тақырып бойынша сөздік қорын молайту және көбейту.            Психикалық процестерін тапсырма беру арқылы дамыту. Ұжымда бірге ойнауға тәрбиелеу. Достарына жанашырлық сезімдерін ояту.</p>	1 сағ
3 апта	<i>Менің сүйікті ойыншықтарым</i>	<p style="text-align: center;">Арнайы түзеу оқу қызметінің тақырыбы:</p> <p><b>Менің сүйікті ойыншықтарым (доп, қуыршақ).</b>  <b>Мақсаты:</b> А) Сүйікті ойыншықтар туралы әңгіме құрастыру, ойыншықтардың аттарын атай білуге, оларды сипаттап айтуға үйрету. Ә) ойыншықтарды күтіп, ұқыпты ұстауға тәрбиелеу. В) Балалардың тақырып бойынша сөздік қорын көбейту.</p>	1 сағ
4 апта	<i>Жиһаздар</i>	<p style="text-align: center;">Арнайы түзеу оқу қызметінің тақырыбы:</p> <p><b>Біздің үй.</b> <b>Мақсаты:</b> Балаларға әр адамның тұратын үйі болатындығын түсіндіру. Жаңа сөздерді қатыстырып, сөз тіркестері және сөйлемдер құрату арқылы сөйлеу тілін дамыту. Грамматикалық тұлғада жүйелі түрде сөйлемді толық, анық айтуға, өз ойын жеткізе білуге үйрету.</p>	1 сағ

2020-2021 оқу жылына арналған арнайы оқу қызметінің  
перспективалық жұмыс жоспары  
Білім беру салалары «Коммуникация»  
**Қазан /Тақырыбы: «Менің отбасым**

Апта	Апталық тақырыптар	Тіл дамыту	Сағ. саны
1 апта	<i>Менің отбасым.Ата-ананың еңбегі.</i>	Арнайы түзеу оқу қызметінің тақырыбы: <b>Менің атам</b> <b>Мақсаты:</b> Балаларға отбасы туралы түсінік беру,өз жанұясы туралы әңгімелеуге үйрету.Ойын арқылы есте сақтау қабілетін, қарым-қатынас дағдыларын,сөздік қорын байытып және тіл байлығын дамыту.Отбасына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	1сағ
2 апта	<i>Менің көшем</i>	Арнайы түзеу оқу қызметінің тақырыбы: <b>Мен қайда тұрамын? Мақсаты:</b> Алматы қаласы туралы жаңа мәліметтер беру.Туғанжерге деген сүйіспеншілік пен құрметке баулу.Балалардың танымдық қабілеттерін,байланыстырып сөйлеу тілін дамыту.	1сағ
3 апта	<i>Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік</i>	Арнайы түзеу оқу қызметінің тақырыбы: <b>Жол жүру ережесін сақтау.Мақсаты:</b> Жалпы қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.Көшедегі қауіпсіздік ережелері туралы алған білімдерін пысықтау,балаларды өмірлік қауіпсіздік ережелеріне үйретуді жалғастыру.	1 сағ
4 апта	<i>Алтын күз</i>	Арнайы түзеу оқу қызметінің тақырыбы: <b>Күз.Күз сылықтары.Мақсаты:</b> Күз мезгілі туралы түсініктерін жеміс бағында суреті бойынша әңгіме құрастыруды үйрету.Жемістердің аттарын атап,ажырата білуге үйрету.	1 сағ

2020-2021 оқу жылына арналған арнайы оқу қызметінің  
перспективалық жұмыс жоспары  
Білім беру салалары «Коммуникация»  
**Қараша /Тақырыбы: «Деніміз сау болып өсеміз»**

Апта	Апталық тақырыптар	Тіл дамыту	Сағ. саны
1 апта	<i>Өзім туралы</i>	Арнайы түзеу оқу қызметінің тақырыбы: <b>Мандай тер.Мақсаты:</b> Әңгімеге тақырып қоя білуге үйрету.Сөйлем түрлері бойынша білімдерін дамыту,үлкендерді сыйлауға,еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.	1 сағ
2 апта	<i>Дұрыс тамақтану. Дәрумендер</i>	Арнайы түзеу оқу қызметінің тақырыбы: <b>Ең тәтті дүние? Мақсаты:</b> Дауыссыз дыбыстар туралы түсінік беру.Ертегінің мазмұнын айтқызу арқылы сөздік қорларын толықтыру.Жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.	1 сағ
3 апта	<i>Өзіңе және өзгелерге көмектес.</i>	Арнайы түзеу оқу қызметінің тақырыбы: <b>Досыңды қиын жағдайда қалдырма. Мақсаты:</b> Достық, татулық, бірлік ұғымдарын түсіндіру.Балаларды татулыққа баулу.Өзгелерге көмек көрсету керектігін түсіндіру.Әңгіме құрастыруда өз ойын,өз армандарын нақты және түсінікті етіп жеткізе білу қабілеттерін қалыптастыру.Шығармашылық белсенділіктерін арттыру.	1 сағ
4 апта	<i>Біз күштіміз,енгіміз</i>	Арнайы түзеу оқу қызметінің тақырыбы: <b>Спортпен айналысып,деніміз сау болып өсеміз!</b> <b>Мақсаты:</b> Спорт туралы түсініктерін қалыптастыру және мағлұмат беру.Еліміздің мақтаныштары-қазақ спортсмендерімен,спорт түрлерімен таныстыру.Балаларды еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу.Дені сау болып өсуіне баулу.Спорт түрлеріне қызығушылығын ояту.	1 сағ

2020-2021 оқу жылына арналған арнайы оқу қызметінің  
перспективалық жұмыс жоспары  
Білім беру салалары «Коммуникация»  
**Желтоқсан /Тақырыбы: «Менің Қазақстаным»**

Апта	Апталық тақырыптар	Тіл дамыту	Сағ. саны
1 апта	<i>Тарихқа саяхат.</i>	Арнайы түзеу оқу қызметінің тақырыбы: <b>Менің туған ауылым!</b> <b>Мақсаты:</b> Балалардың отанға деген сүйіспеншілігін ояту, туған ауыл туралы түсініктерін қалыптастыру, жүйелі ойлау қабілеттерін дамыта отырып, олардың бойына жерін, отанын сыйлау, құрметтеу сияқты қасиеттерді сіңіру.	1 сағ
2 апта	<i>Туған өлкем</i>	Арнайы түзеу оқу қызметінің тақырыбы: <b>Ұлы Отаным!</b> <b>Мақсаты:</b> Балалардың туған өлкесі Қазақстанның табиғатының сұлулығымен таныстыру. Өз туған өлкемізді танып білуге, жақсы көруге, өз еліне, туған өлкеге деген сүйіспеншіліктерін, патриоттық сезімге тәрбиелеу.	1 сағ
3 апта	<i>Нұр-Сұлтан-Отанымыздың жүрегі!</i>	Арнайы түзеу оқу қызметінің тақырыбы: <b>Елордасы-Нұр-Сұлтан!</b> <b>Мақсаты:</b> Нұр-Сұлтан қаласының көрікті жерлерін таныстыру және балалар бойында ұлтжандылық қасиеттерді қалыптастыру.	1 сағ
4 апта	<i>Тәуелсіз Қазақстан (Қ.Р тұңғыш президенті, Қ.Р мемлекеттік рәміздері)</i>	Арнайы түзеу оқу қызметінің тақырыбы: <b>Тәуелсіздік төрімде!</b> <b>Мақсаты:</b> Балаларға тәуелсіздік жайлы жан-жақты түсінік бере отырып, олардың ой-өрісі, ақыл-ойын арттыру. Өз Отанын, елін, жерін қорғауға және сүйуге, еліміздің рәміздерін қастерлеуге, ұлы тұлғалардың ел тәуелсіздігіне қосқан үлестерін үлгі, өнеге ете отырып, балаларды патриоттық сезімге тәрбиелеу.	1 сағ

2020-2021 оқу жылына арналған арнайы оқу қызметінің  
перспективалық жұмыс жоспары  
Білім беру салалары «Коммуникация»  
**Қаңтар /Тақырыбы: «Табиғат әлемі»**

Апта	Апталық тақырыптар	Тіл дамыту	Сағ. саны
1 апта	<i>Айналамыздағы өсімдіктер</i>	Арнайы түзеу оқу қызметінің тақырыбы: <b>Бөлмедегі және бақшадағы гүлдер.Мақсаты:</b> Бөлмедегі және бақшадағы гүлдерді таныстыру; айырмашылығын айқындау, сөздік қорларын толықтыру; табиғатты сүйуге, қорғауға тәрбиелеу.	1 сағ
2 апта	<i>Жануарлар әлемі</i>	Арнайы түзеу оқу қызметінің тақырыбы: <b>Үй жануарлары мен жабайы жануарлар. Мақсаты:</b> Үй жануарлары мен жабайы жануарлар туралы түсінік беру, балалардың тілдік қорларын байыту, аңшылық туралы ұғымдарын кеңейту. Хайуанаттарға қастық жасамауға тәрбиелеу.	1 сағ
3 апта	<i>Құстар-біздің досымыз</i>	Арнайы түзеу оқу қызметінің тақырыбы: <b>Үй құстары мен жабайы құстар. Жабайы құстарға қыс мезгілінде көмектесеміз. Мақсаты:</b> Құстардың түрлерімен таныстыру, сұрақтарға жауап беруге үйрету, құрастыру қабілеттерін, шығармашылығын, дыбыстарды дұрыс айта білуін дамыту, құстарға қамқорлық жасау мен қорғауға тәрбиелеу.	1 сағ
4 апта	<i>Ғажайып қыс</i>	Арнайы түзеу оқу қызметінің тақырыбы: <b>Қысқы қызықтар. Мақсаты:</b> Балаларға қыс мезгілі туралы түсінік беру. Қардың қасиеттерімен таныстыру, ақ ұлпа қар туралы түсініктерін кеңейту. Өзіне тән ерекшеліктерін ажырата білуге, өз ойын толық жеткізе білуге үйрету. Қысқы ойындарға қажетті құралдарды атау. Табиғатты аялауға, әсемдікті сезініп, көре білуге тәрбиелеу.	1 сағ

2020-2021 оқу жылына арналған арнайы оқу қызметінің  
перспективалық жұмыс жоспары

Білім беру салалары «Коммуникация»  
Ақпан /Тақырыбы: «Бізді қоршаған әлем»

Апта	Апталық тақырыптар	Тіл дамыту	Сағ. саны
1 апта	<i>Ғажайыптар әлемі (өлі табиғат құбылыстары)</i>	Арнайы түзеу оқу қызметінің тақырыбы: <b>Табиғат құбылыстары.Мақсаты:</b> Табиғат біздің алтын ұямыз,қоршаған ортамыз,тіршілік көзіміз екенін,оларды қорғау,аялау,ардақтау біздің міндетіміз екенін түсіндіру.	1сағ
2 апта	<i>Көліктер</i>	Арнайы түзеу оқу қызметінің тақырыбы: <b>Әуе және құрлық көліктері.Мақсаты:</b> Балалардың сөйлеу,ойлау,есте сақтау қабілеттерін дамыту,сөздік қорларын молайту.Әуе және құрлық көліктері жайлы білімдерін қалыптастыру,аттарын,түрлерін ажыратуға үйрету.	1сағ
3 апта	<i>Электроника әлемі</i>	Арнайы түзеу оқу қызметінің тақырыбы: <b>Электронды құралдар әлемінде.Мақсаты:</b> Балаларға электроника туралы түсінік беру,оның адам өміріндегі маңызын түсіндіру.	1 сағ
4 апта	<i>Мамандықтың бәрі маңызды</i>	Арнайы түзеу оқу қызметінің тақырыбы: <b>Мамандықтың бәрі жақсы.Мақсаты:</b> Балалардың ойлау қабілеттерін дамыта отырып,болашақ мамандыққа байланысты ұғымын тереңдетіп,қызығушылықтарын ояту,үлкендердің еңбегін бағалауға тәрбиелеу.Көлік,мамандық туралы білімдерін тиянақтау.Сурет бойынша әңгіме құрастыруға,мақал-мәтел айтып,жұмбақ шешу арқылы сөйлеуге баулып,сөздік қорларын дамыту.	1 сағ

2020-2021 оқу жылына арналған арнайы оқу қызметінің  
перспективалық жұмыс жоспары  
Білім беру салалары «Коммуникация»  
**Наурыз /Тақырыбы: «Салттар мен фольклор»**

Апта	Апталық тақырыптар	Тіл дамыту	Сағ. саны
1 апта	<i>Қазақстан халқының салты мен дәстүрі</i>	Арнайы түзеу оқу қызметінің тақырыбы: <b>Наурыз-көктем мерекесі!Мақсаты:</b> Наурыз мерекесі туралы түсінік беру,балалардың ойлау қабілетін дамыту,грамматикалық тұлғада жүйелі сөйлеуге дағдыландыру,салт-дәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу.	1сағ
2 апта	<i>Ертегілер.Театр әлемі</i>	Арнайы түзеу оқу қызметінің тақырыбы: <b>Қасқыр мен түлкі.Мақсаты:</b> Балаларды ертегі кейіпкерлермен таныстыру,оларға жеке-жеке тоқталу.Балалардың ой-өрісін дамыту,әрбір баланың өзіндік жас ерекшелігін ескере отырып,тапсырмалар беру,балаларды ұғымдылыққа,бірлесіп жұмыс істей білуге тәрбиелеу.	1сағ
3 апта	<i>Өнер көзі халықта</i>	Арнайы түзеу оқу қызметінің тақырыбы: <b>Халық ертегісі. Мақта қыз Мақсаты:</b> Мақта қыз ертегісімен таныстыр,балалардың сөздік қорын дамыту,байланыстырып сөйлеуін жетілдіру, кейіпкерлердің жағымды-жағымсыз қылықтарын ажырату,рольға кіріп сомдап шығуға үйрену.	1 сағ
4 апта	<i>Нұр төккен.Гүл көктем</i>	Арнайы түзеу оқу қызметінің тақырыбы: <b>«8-Наурыз Халықаралық әйелдер» мейрамы.Мақсаты:</b> 8-Наурыз Халықаралық әйелдер күнімен аналарды құттықтау.Оларды сыйлауға, құрметтеуге және аялауға дағдыландыру.Ана,апа,әже,қарындас,ұстаздың адам өміріндегі ең аяулы жан екендерін ұғындыру.Ана деген ең асыл жан екенін түсіндіру.	1 сағ

2020-2021 оқу жылына арналған арнайы оқу қызметінің  
перспективалық жұмыс жоспары  
Білім беру салалары «Коммуникация»  
Сәуір /Тақырыбы: «Бірге еңбектенеміз»

Апта	Апталық тақырыптар	Тіл дамыту	Сағ. саны
1 апта	<i>Аялайық гүлдерді</i>	Арнайы түзеу оқу қызметінің тақырыбы: <b>Бөлме гүлдерін отырғызу.Мақсаты:</b> Бөлме гүлдерінің түрлерімен таныстыру.Балаларға табиғатты аялауға,қорғауға тәрбиелеу.Бөлме гүлдерін күтуге,тазалықты сақтауға үйрету.	1сағ
2 апта	<i>Ас атасы-нан</i>	Арнайы түзеу оқу қызметінің тақырыбы: <b>«Нан қайдан келеді?» ертегісі.Мақсаты:</b> Балаларға көрнекі құралдарды пайдалана отырып,ертегінің мазмұнын түсіндіру. Нанның адам еңбегіне келетінін,оған көп күш жұмсалатынын түсіндіру.Оқу іс-әрекеті барысында балаларға нанды қастерлеу керектігін түсіндіре келе,адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.	1сағ
3 апта	<i>Жәндіктер мен қосмекенділер әлемі</i>	Арнайы түзеу оқу қызметінің тақырыбы: <b>Жәндіктер әлемі.Мақсаты:</b> Жәндіктер мен қосмекенділерді ажырата білуге,жәндіктің түрлерімен таныстыру.Жәндіктердің зиянын айту.Түсініктерін айтуға үйрету,байланыстырып сөйлеу тілін дамыту.	1 сағ
4 апта	<i>Еңбек бәрін жеңбек</i>	Арнайы түзеу оқу қызметінің тақырыбы: <b>«Достық-балалар әлемінің ғаламшары».Мақсаты:</b> Достық,татулық,бірлік ұғымдарын түсіндіру. Балаларға бір-бірін құрметтеуге, адал болуға, қызғаншақ болмауға тәрбиелеу.Сөздік қорларын байыту.Достық тақырыбына байланысты көрнекіліктер арқылы түсініктерін айта білуге үйрету.	1 сағ



2020-2021 оқу жылына арналған арнайы оқу қызметінің  
перспективалық жұмыс жоспары  
Білім беру салалары «Коммуникация»  
**Мамыр /Тақырыбы: «Әрқашан күн сөнбесін»**

Апта	Апталық тақырыптар	Тіл дамыту	Сағ. саны
1 апта	<i>Достық-біздің тірегіміз (халықтар достығы)</i>	Арнайы түзеу оқу қызметінің тақырыбы: <b>Бірлігіміз жарасқан! Мақсаты:</b> Халықтар достығы, ел бірлігі, ұлттар ымырастығы жайында түсінік алу. Көрнекіліктер арқылы байланыстырып сөйлеуін дамыту. Әр ұлттық өз ерекшеліктері жайлы ұғынып алу.	1 сағ
2 апта	<i>Отаанды қорғаушылар(Қ.Р әскері, Ұлы Отан соғысының ардагерлері)</i>	Арнайы түзеу оқу қызметінің тақырыбы: <b>7 мамыр – Отан қорғаушылар күні. Мақсаты:</b> Балаларға 7 – мамыр Отан қорғаушылар күні мерекесін сезіндіру. Ұлы Отан соғысының мазмұнын әңгімелеп осы ерлік көрсеткен батырлардың ерліктерін, жыл сайын Жеңіс күнінің мерейлі мерекесін бүкіл халық тойлап отыратынын айтып, жеңіс салтанатын көре алмай кеткен боздақтардың, бүгінде саны азайып қалған майдангерлердің рухына бас ие отырып, балаларды Отан қорғауға Ұлы Отан соғысының батырларының ерлік істеріне тағзым етуге батыл да ержүрек болуға үйрету. Елін, жерін жаудан қорғай білуге, елінің патриоты болуға тәрбиелеу.	1 сағ
3 апта	<i>Көңілді жаз</i>	Арнайы түзеу оқу қызметінің тақырыбы: <b>Қош келдің жаз! Мақсаты:</b> Жаз мезгіліндегі кереметтерді суреттеу. Суреттерден көрмелер ұйымдастыру. Суреттерді салу арқылы қиялын дамыту, түсіндіру арқылы сөздік қорларын молайту. Ойлау қабілеттерін байыту.	1 сағ
4 апта	<i>Мен жасай аламын</i>	Арнайы түзеу оқу қызметінің тақырыбы: <b>Мен анама, әжеме көмектесемін! Мақсаты:</b> Ана мен әжені сыйлауға үйрету. Үлкен кісілерге әрдайым қол ұшын беруге тәрбиелеу. Балалардың жауапкершілігін ояту. Еңбектенуге үйрету. Көмек көрсету арқылы сыйластық, мейірімділік мінез құлықтарын жетілдіру.	1 сағ
Барлығы:			36 сағат

